

## Қазақ мемлекеттік ақпарат агенттігі (ҚазТАГ) туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 10 қыркүйектегі N 3629

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қызметінде жариялылықты одан әрі кеңейте түсу, олар қабылдаған шешімдерді неғұрлым жедел және объективті түрде жариялау, осы шешімдердің Республиканың бұқаралық ақпарат құралдары, сондай-ақ Қазақстанда тіркелген шетел бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін ашық болуы мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақ мемлекеттік ақпарат агенттігі (ҚазТАГ) таратылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) бір ай мерзімде "Қазақ ақпарат агенттігі (ҚАА)" республикалық қазыналық кәсіпорнын (бұдан былай - қазыналық кәсіпорын) құру туралы шешім қабылдасын және Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігін оның уәкілетті органы ретінде белгілесін;

2) құрылатын қазыналық кәсіпорынға оның қызметін жүзеге асыру үшін қажетті мүліктің, соның ішінде Ақмола қаласында бас офисінің және Алматы қаласында өкілдігінің орналасуы үшін ғимараттардың берілуін қамтамасыз ететін болсын;

3) бір ай мерзімде белгіленген тәртіппен қазыналық кәсіпорынды мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігі бір ай мерзімде қазыналық кәсіпорынның жарғысын әзірлеуді қамтамасыз етіп, бекітетін болсын, онда оның мынадай негізгі функцияларын көздесін:

1) Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдарында Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, парламенті мен Үкіметінің актілерін, басқа да нормативтік құқықтық актілер мен мемлекеттік органдардың қызметі туралы барлық ресми ақпаратты тегін тарату;

2) Қазақстан Республикасы Парламентінің, үкіметі мен басқа да мемлекеттік органдардың түсіндірмелерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз ету;

3) уәкілетті мемлекеттік органдардың тапсырмалары бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында ішкі және сыртқы саясат мәселелері жөнінде мәлімдемелер, түсініктер мен нақтылауларды жариялау;

4) шетел бұқаралық ақпарат құралдарында Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қызметін ақпараттық қолдау;

5) шетел бұқаралық ақпарат құралдарының материалдарын жинау және оларды Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдарында тарату;

6) Республика өмірінің барлық салалары туралы алуан жанарлық әрі бәсекеге қабілетті төл материалдарын дайындау, оларды Қазақстан мен шетелдің бұқаралық ақпарат құралдарында тарату;

7) ресми және өзге де фотоақпаратты жинау, жинақтау және тарату.

4. "Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы информация агенттігін (ҚазТАГ) қайта құру туралы" Қазақ ССР Президентінің 1991 жылғы 22 шілдедегі N 382 Қаулысының күші жойылған деп танылсын.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
П р е з и д е н т і*